



ЦЕСНАБАНК

**Изменения и дополнения в
Проспект выпуска акций
акционерного общества
«Цеснабанк»
(АО «Цеснабанк»)**

1. Раздел I «Общие сведения об акционерном обществе» дополнить пунктом 10-2:

10-2. Дата утверждения общим собранием акционеров или учредительным собранием методики определения стоимости акций при их выкупе обществом: 21.04.14г.


И.о.Председателя ~~И~~правления

Главный бухгалтер



Р.Якупбаев

Н. Багаутдинова





**«Цеснабанк» акционерлік қоғамының
(«Цеснабанк» АҚ)
акция шығарылымының
анықтамалығына
өзгерістер мен толықтырулар**

1. «Акционерлік қоғам жөніндегі жалпы мәлімет» атты I бөлім 10-2 тармағымен толықтырылсын:

10-2. Акционерлердің жалпы жиналысымен немесе құрылтай жиналысымен қоғамның оларды сатып алу кезінде акциялардың құнын анықтау әдістерін бекіту күні: 21.04.14ж


Басқарма Төрағасының м.а.

Бас бухгалтер



Р.Якупбаев

Н. Багаутдинова



Handwritten signature at the bottom left of the page.

Утверждено
Протоколом общего собрания
акционеров АО «Цеснабанк»
от « 21 » апреля 2014 г.

**Методика определения
стоимости акций АО «Цеснабанк»
при их выкупе АО «Цеснабанк» на
неорганизованном рынке ценных бумаг**

г. Астана 2014 г

Глава 1. Общие положения.

1. Настоящая Методика определения стоимости акций при их выкупе АО «Цеснабанк» на неорганизованном рынке ценных бумаг (далее – Методика) разработана в соответствии с законом Республики Казахстан «Об акционерных обществах» и устанавливает порядок определения стоимости простых и привилегированных акций при их выкупе Банком на неорганизованном рынке ценных бумаг.

2. В настоящей Методике используются следующие термины и определения:

акция – ценная бумага, выпускаемая Банком и удостоверяющая права на участие в управлении Банком, получении дивиденда по ней и части имущества Банка в случае его ликвидации, а также иные права, предусмотренные законодательством Республики Казахстан;

организатор торгов – фондовая биржа и котировочная организация внебиржевого рынка ценных бумаг;

организованный рынок ценных бумаг – сфера обращения эмиссионных ценных бумаг и иных финансовых инструментов, сделки с которыми осуществляются в соответствии с внутренними документами организатора торгов;

неорганизованный рынок ценных бумаг – сфера обращения ценных бумаг, в которой сделки с ценными бумагами осуществляются без соблюдения требований, установленных внутренними документами организатора торгов;

размещенные акции – акции Банка, оплаченные учредителями и инвесторами на первичном рынке ценных бумаг;

уполномоченный орган – государственный орган, осуществляющий регулирование и надзор за рынком ценных бумаг.

3. Действие настоящей Методики распространяется на следующие случаи выкупа Банком размещенных им акций:

- 1) по инициативе Банка;
- 2) по требованию акционера.

4. Выкуп размещенных акций осуществляется в целях их последующей продажи, соблюдения прав акционеров (если у Банка возникает обязанность выкупить принадлежащие акционеру акции в соответствии с законодательством Республики Казахстан) или в иных целях, не противоречащих законодательству Республики Казахстан и Уставу Банка.

5. Выкуп акций у акционеров – нерезидентов Республики Казахстан осуществляется в порядке, установленном для акционеров – резидентов Республики Казахстан.

Глава 2. Общие условия выкупа Банком размещенных акций.

6. В случае возникновения необходимости выкупа акций и в соответствии с законодательством Республики Казахстан Правление Банка вправе обратиться с ходатайством к Совету директоров Банка о принятии им решения о выкупе Банком размещенных акций. При этом, в ходатайстве Правления должно быть указано:

- 1) обоснование и цели выкупа акций;
- 2) количество и вид выкупаемых акций;
- 3) цена выкупа размещенных акций или методика определения цены выкупа;
- 4) срок, в течение которого осуществляется выкуп акций;
- 5) условия выкупа.

7. В случае согласия с ходатайством Правления Банка Совет директоров вправе принять решение о выкупе Банком размещенных акций.

8. При этом в соответствии с законодательством Республики Казахстан количество выкупаемых Банком акций не должно превышать 25% от общего количества размещенных акций, а расходы на выкуп не должны превышать 10% от размера собственного капитала Банка:

- 1) при выкупе акций по требованию акционера – по состоянию на дату:
 - принятия общим собранием акционеров Банка решений, указанных в подпунктах 1), 2) и 5) пункта 18 настоящей Методики;
 - принятия организатором торгов решения о делистинге акций;
 - принятия решения о заключении крупной сделки и (или) сделки, в совершении которой у Банка имеется заинтересованность;

2) при выкупе размещенных акций по инициативе Банка – по состоянию на дату принятия решения о выкупе размещенных акций.

9. Банк вправе совершать сделки по выкупу акций у акционеров, которым принадлежит 10 и более процентов акций, при условии, что в результате сделок не будут нарушены пруденциальные нормативы и иные показатели или критерии (нормативы) финансовой устойчивости, установленные нормативными правовыми актами уполномоченного органа.

10. Выкупленные Банком акции не учитываются при определении кворума общего собрания акционеров и не участвуют в голосовании на нем. По акциям, выкупленным Банком, дивиденды не начисляются и не выплачиваются.

Глава 3. Порядок выкупа размещенных акций по инициативе Банка.

11. Банк вправе по своей инициативе осуществить выкуп размещенных акций с согласия акционера в целях продажи или иных целях, не противоречащих законодательству Республики Казахстан и (или) Уставу. Выкуп Банком размещенных акций по инициативе Банка производится на основании решения Совета директоров Банка. При этом, стоимость выкупаемых акций определяется в соответствии с утвержденной Методикой, за исключением случая выкупа акций Банком на фондовой бирже методом открытых торгов.

12. Банк не вправе выкупать размещенные акции:

1) если в результате выкупа акций размер собственного капитала Банка станет меньше размера минимального уставного капитала, установленного законодательными актами Республики Казахстан;

2) если на момент выкупа акций Банк отвечает признакам неплатежеспособности или несостоятельности в соответствии с законодательством Республики Казахстан о банкротстве либо указанные признаки появятся у него в результате выкупа всех требуемых или предполагаемых к выкупу акций;

3) если судом или общим собранием акционеров Банка принято решение о его ликвидации.

13. Решение Совета директоров Банка о выкупе размещенных акций должно содержать сведения о видах, количестве выкупаемых акций, цене, сроке и об условиях их выкупа.

14. Если количество выкупаемых по инициативе Банка его размещенных акций превышает один процент от их общего количества, до заключения сделки (сделок) купли-продажи акций Банк обязан объявить о таком выкупе своим акционерам через средства массовых информационных, определенных Уставом Банка.

15. Объявление Банка о выкупе своих размещенных акций должно содержать сведения о видах, количестве выкупаемых акций, цене, сроке и об условиях их выкупа.

16. Выкуп размещенных акций по инициативе Банка осуществляется путем заключения сделки купли-продажи акций и ее регистрации в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

17. В случае если количество размещенных акций Банка, заявленных его акционерами к выкупу, превышает количество акций, которое объявлено Банком к выкупу, эти акции выкупаются у акционеров пропорционально количеству принадлежащих им акций.

Глава 4. Порядок выкупа размещенных акций по требованию акционера.

18. Банк обязан выкупить размещенные акции по требованию акционера в следующих случаях:

1) принятия общим собранием акционеров решения о реорганизации Банка (если акционер принимал участие в общем собрании акционеров, на котором рассматривался вопрос о реорганизации Банка, и голосовал против нее);

2) принятия общим собранием акционеров решения о делистинге акций Банка (если акционер не участвовал в общем собрании акционеров или если он принимал участие в этом собрании и голосовал против принятия указанного решения);

3) принятия решения организатором торгов о делистинге акций Банка;

4) несогласия с решением о заключении крупной сделки и (или) решением о заключении сделки, в совершении которой Банком имеется заинтересованность, принятым в

порядке, установленном законодательными актами Республики Казахстан и (или) Уставом Банка:

5) принятия общим собранием акционеров решения о внесении изменений и дополнений в Устав Банка, ограничивающих права по акциям, принадлежащим данному акционеру (если акционер не участвовал в общем собрании акционеров, на котором было принято такое решение, или если он принимал участие в этом собрании и голосовал против принятия указанного решения).

19. Акционер вправе в течение тридцати дней со дня принятия решения, указанного в пункте 18 настоящей Методики, или со дня принятия решения организатором торгов о делистинге акций Банка предъявить обществу требование о выкупе принадлежащих ему акций посредством направления Банку письменного заявления.

20. Заявление акционера должно быть направлено в Банк в письменной форме и содержать обоснование требования о выкупе принадлежащих ему акций, сведения о количестве и виде выкупаемых акций, адрес, контактные телефоны, банковские реквизиты для зачисления денежных средств в случае принятия Банком положительного решения о выкупе, а также при необходимости иные сведения. Заявление должно быть зарегистрировано в канцелярии Банка.

21. В случае обоснованности требования акционера о выкупе принадлежащих ему акций, Банк обязан выкупить у акционера принадлежащие ему акции в течение 30 календарных дней со дня регистрации заявления в канцелярии Банка.

22. Банк вправе отказать акционеру в выкупе акций при отсутствии оснований, указанных в пункте 18 настоящей Методики, а также в иных случаях, установленных законодательством Республики Казахстан, с направлением акционеру в течение 5 рабочих дней со дня принятия Советом директоров Банка соответствующего решения об отказе в выкупе акций с указанием причин отказа.

23. Выкуп размещенных акций по требованию акционера осуществляется Банком путем заключения сделки купли-продажи акций и ее регистрации в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

24. В случае если количество размещенных акций Банка, заявленных его акционерами к выкупу, превышает количество акций, которые могут быть выкуплены Банком, эти акции выкупаются у акционеров пропорционально количеству принадлежащих им акций.

Глава 5. Методика определения цены выкупа акций по инициативе Банка и по требованию акционера.

25. При определении цены выкупа акций Совет директоров Банка вправе принять решение о выкупе акций по цене, определенной по одной из следующих методик:

- 1) по средневзвешенной рыночной цене;
- 2) по рыночной стоимости;
- 3) по цене, установленной с учетом собственного капитала Банка.

26. Выкуп размещенных акций по инициативе Банка и по требованию акционера может производиться по средневзвешенной рыночной цене за последние 60 календарных дней, предшествующих дню объявления (решения) о выкупе акций, которая рассчитывается по сделкам, заключенным на АО «Казахстанская фондовая биржа» (далее – Биржа) в порядке, установленном настоящей Методикой.

27. Средневзвешенная рыночная цена акций за последние 60 календарных дней, предшествующих дню объявления (решения) о выкупе размещенных акций, рассчитывается по формуле:

$$C_{срв} = (C_1 * A_1 + \dots + C_n * A_n) / 60$$
, где

$C_{срв}$ - средневзвешенная рыночная цена акций за последние 60 календарных дней, предшествующих дню объявления (решения) о выкупе размещенных акций;

C – рыночная цена в соответствующем периоде, сложившаяся на организованном рынке ценных бумаг, рассчитываемая в соответствии с внутренними правилами организатора торгов. Результаты оценки ценных бумаг еженедельно публикуются в первый рабочий день недели на интернет- ресурсе Биржи.

А – количество дней, соответствующих данной цене за последние 60 календарных дней, предшествующих дню объявления (решения) о выкупе размещенных акций.

28. Выкуп размещенных акций по инициативе Банка и по требованию акционера может производиться по рыночной цене, сложившейся на организованном рынке ценных бумаг по состоянию на дату принятия решения Советом директоров Банка о выкупе акций. При этом, рыночной ценой признается цена акций, рассчитываемая в соответствии с внутренними правилами организатора торгов. Результаты оценки ценных бумаг еженедельно публикуются в первый рабочий день недели на интернет-ресурсе Биржи.

29. Выкуп размещенных акций по инициативе Банка и по требованию акционера может производиться по цене, установленной с учетом размера собственного капитала Банка, требований законодательства Республики Казахстан в части соблюдения пруденциальных нормативов для банков второго уровня.

30. Настоящая Методика вступает в силу после утверждения ее общим собранием акционеров.

31. Вопросы, не урегулированные настоящей Методикой, регулируются в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

Председатель Правления



Д. Жаксыбек

БЕКІТІЛГЕН

**« 21 » сәуір 2014 ж.
«Цеснабанк» АҚ
акционерлерінің жалпы
жиналысының хаттамасымен**

**Ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар
нарығында «Цеснабанк» АҚ оларды сатып алған
кезде «Цеснабанк» АҚ акцияларының құнын
айқындау әдістемесі**

Астана қ. 2014

1-Бап. Жалпы ережелер.

1. Осы ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында «Цеснабанк» АҚ оларды сатып алған кезде акциялардың құнын айқындау әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында Банктің жай және артықшылықты акцияларды сатып алуда құнын айқындау тәртібін белгілейді.

2. Осы Әдістемеді келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

акция – акционерлік қоғам шығаратын және акционерлік қоғамды басқаруға қатысу, ол бойынша дивиденд және қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын, сондай-ақ осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз;

сауда-саттықты ұйымдастырушы – қор биржасы және бағалы қағаздардың биржадан тыс нарықтағы баға белгіленімі ұйымы;

ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығы – эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының айналым саласы, олармен жасалатын мәмілелер сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады;

ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы – бағалы қағаздардың айналым саласы, онда бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында белгіленген талаптар сақталмай жүзеге асырылады;

орналастырылған акциялар – бағалы қағаздардың бастапқы нарығында құрылтайшылар мен инвесторлардың ақысын төлеген Банктің акциялары;

уәкілетті орган – бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

3. Осы Әдістеменің әрекеті өзінің орналастырылған акцияларын Банктің келесі сатып алу жағдайларында қолданылады:

- 1) Банктің бастамасы бойынша;
- 2) акционердің талап етуі бойынша.

4. Орналастырылған акцияларды сатып алу акционерлердің құқығын сақтай отырып (егер Банкте Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес акционерге тиесілі акциясын сатып алу міндеті туындаса) оларды кейіннен сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің Жарғысына қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда жүзеге асырылады.

5. Акционерлер – Қазақстан Республикасының бейрезиденттерінен акцияларды сатып алу акционерлер – Қазақстан Республикасының бейрезиденттері үшін белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

2-бап. Банктің орналастырылған акцияларды сатып алудың жалпы шарттары.

6. Акция сатып алу қажеттілігі туындаған жағдайда және Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес Банк басқармасы Банктің Директорлар кеңесіне Банктің орналастырылған акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдаулары туралы өтініш жасауға құқылы.

Басқарманың өтінішінде келесілер көрсетілуі керек:

- 1) акцияны сатып алуға негіздеме және мақсаты;
- 2) сатып алынатын акциялардың саны мен түрі;
- 3) орналастырылған акциялардың сатып алу бағасы немесе сатып алу бағасын айқындау әдістері;

- 4) акцияны сатып алудың жүргізілетін мерзімі;
- 5) сатып алу шарттары.

7. Банк басқармасының өтінішімен келіскен жағдайда Директорлар кеңесі Банктің орналастырылған акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдауға құқылы.

8. Бұл кезде Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес орналастырылған акцияның жалпы санынан Банктің сатып алатын акциясының саны 25%-ынан аспауы қажет, ал сатып алуға кететін шығын Банктің меншікті капиталы мөлшерінің 10%-ынан аспауы тиіс:

- 1) орналастырылған акцияларды акционердің талап етуі бойынша сатып алған кезде:
 - Банк акционерлерінің жалпы жиналысында осы Әдістеменің 18 тармағының 1),2) және 5) тармақшаларында көрсетілген шешімдер қабылданған;

- сауда-саттықты ұйымдастырушы акциялардың делистингі туралы шешім қабылдаған;
- оның жасалуында Банктің мүддесі бар ірі мәміле және (немесе) мәміле жасасу туралы шешім қабылданған күнгі жағдай бойынша;

2) орналастырылған акцияларды Банктің бастамасы бойынша сатып алған кезде – Банктің орналастырылған акцияларын сатып алу туралы шешім қабылданған күнгі жағдай бойынша.

9. Мәміле нәтижесінде пруденциалдық норматив және өзге көрсеткіштер немесе уәкілетті органның құқықтық нормативтік актілерімен белгіленген қаржы тұрақтылығының критерийі (нормативі) бұзылмайтын болса, Банк акцияның 10 пайызы және одан артық пайызы тиесілі акционерлерден акция сатып алу бойынша мәміле жасасуға құқылы.

10. Банк сатып алған акциялар оның акционерлері жалпы жиналысының кворумын анықтаған кезде есепке алынбайды және онда дауыс беруге қатыспайды. Банк сатып алған акциялар бойынша дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

3-бап. Орналастырылған акцияларды Банктің бастамасы бойынша сатып алу тәртібі.

11. Банк орналастырылған акцияларды сатып алуды оларды кейіннен сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда Банктің бастамасы бойынша акционердің келісімімен жүзеге асыруға құқылы. Банктің орналастырылған акцияларды Банктің бастамасы бойынша сатып алу Банктің Директорлар кеңесі шешімінің негізінде жүргізіледі. Банк акцияларды қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен сатып алған жағдайларды қоспағанда, сатып алынатын акциялардың құны бекітілген Әдістемеге сәйкес айқындалады.

12. Банк:

1) егер акцияларды сатып алу нәтижесінде Банктің меншікті капиталының мөлшері Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген ең төменгі жарғылық капиталдың мөлшерінен аз болса;

2) егер акцияларды сатып алу кезінде Банк Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі не дәрменсіздігі белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер қоғамда оның барлық талап етілетін немесе сатып алу болжанатын акцияларды сатып алу нәтижесінде пайда болса;

3) егер сот немесе Банк акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса, өзінің орналастырылған акцияларын сатып алуға құқығы жоқ.

13. Орналастырылған акцияларды сатып алу туралы Банктің Директорлар кеңесінің шешімі сатып алынатын акциялардың түрлері, саны, бағасы, мерзімі туралы және сатып алу талаптары туралы мәліметті қамтуы тиіс.

14. Егер Банктің бастамасы бойынша оның сатып алынатын орналастырылған акцияларының саны акцияларды сатып алу-сату мәмілесі (мәмілелері) жасалғанға дейінгі олардың жалпы санынан бір пайыз асатын болса, Банк өз акционерлеріне осындай сатып алу туралы Банк Жарғысында белгіленген бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлауға міндетті.

15. Банктің өзі орналастырған акцияларын сатып алуы туралы хабарламасында өзі сатып алатын акциялардың түрлері, саны, бағасы, мерзімі туралы және оларды сатып алу талаптары туралы мәліметтер болуы тиіс.

16. Банктің бастамасы бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу акцияны сатып алу-сату мәмілесін жасасу арқылы және Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте оны тіркеу арқылы жүзеге асырылады.

17. Банктің өз акционерлері сатып алуға өтініш берген орналастырылған акцияларының саны Банк сатып алуға жариялаған акциялардың санынан асып түскен жағдайда бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялардың санына барабар сатып алынады.

4-бап. Орналастырған акцияларды акционердің талап етуі бойынша сатып алу тәртібі.

18. Банк орналастырылған акцияларды сатып алуды:

1) акционерлердің жалпы жиналысы Банкті қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған (егер акционер Банкті қайта ұйымдастыру туралы мәселе қаралған акционерлердің жалпы жиналысына қатысып, оған қарсы дауыс берсе);

2) акционерлердің жалпы жиналысы Банк акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған (егер акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе егер ол осы жиналысқа қатысып, аталған шешімді қабылдауға қарсы дауыс берсе);

3) сауда-саттықты ұйымдастырушы Банк акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған;

4) Қазақстан Республикасы заңнамасының актілерінде және (немесе) Банктің Жарғысында белгіленген тәртіппен қабылданған ірі мәміле жасау туралы шешіммен және (немесе) жасалуында Банктің мүддесі бар мәміле жасау туралы шешіммен келіспеген;

5) акционерлердің жалпы жиналысы Банктің Жарғысына осы акционерге тиесілі акциялар бойынша құқықтарды шектейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған (егер акционер осындай шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе ол осы жиналысқа қатысып, аталған шешімнің қабылдануына қарсы дауыс берсе) жағдайларда өзіне қойылуы мүмкін Банк акционерінің талап етуі бойынша жүргізуге тиіс.

19. Акционер осы Әдістеменің 18 тармағында көрсетілген шешім қабылданған күннен бастап немесе сауда-саттықты ұйымдастырушы қоғам акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған күннен бастап отыз күн ішінде қоғамға жазбаша өтініш жіберу арқылы өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы қоғамға талап қоюға құқылы.

20. Акционердің өтініші жазбаша түрде Банкке жолдануы тиіс және оған тиесілі акцияны сатып алу туралы талап етудің негіздемесі болуы қажет, өзі сатып алатын акциялардың түрлері, саны, мекенжайы, байланыс телефоны, Банк сатып алу туралы оң шешім қабылдаған жағдайда ақшалай қаражатты аудару үшін банктік деректемелері, сондай –ақ қажеттілігіне қарай өзге де мәліметтер болуы тиіс.

21. Акционердің талап етуі негізделген жағдайда оған тиесілі акцияларды Банк кеңсесінде өтініш тіркелген күннен бастап 30 күн ішінде Банк акционерден оған тиесілі акцияларды сатып алуға міндетті.

22. Банк осы Әдістеменің 18 тармағында көрсетілген негіздеменің жоқтығына, сондай –ақ Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген өзге жағдайларға байланысты акционерге Банктің Директорлар кеңесінің акция сатып алудан бас тарту себебі көрсетілген шешімді қабылданған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде акционерге тиісті шешімді жолдау арқылы акцияны акционерден сатып алудан бас тартуға құқылы.

23. Банк акционердің талап етуі бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу акцияны сатып алу-сату мәмілесін жасасу арқылы және Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте оны тіркеу арқылы жүзеге асырылады.

24. Банктің өз акционерлері сатып алуға өтініш берген орналастырылған акцияларының саны Банк сатып алуы мүмкін акциялардың санынан артық болған жағдайда бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялардың санына барабар сатып алынады.

5-бап. Банктің бастамасы бойынша және акционердің талап етуі бойынша акцияны сатып алу бағасын айқындау әдістемесі.

25. Банк Директорлар кеңесінің акцияны сатып алу бағасын айқындау кезінде келесі әдістеменің бірін белгілеп акцияны сатып алу бағасы туралы шешім қабылдауға құқылы:

1) нарықтық орташа ұйғарымды баға бойынша;

2) нарықтық күн бойынша;

3) Банктің меншікті капиталын ескере отырып белгіленген баға бойынша.

26. Банктің бастамасы бойынша және акционердің талап етуі бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу соңғы 60 күнтізбелік күн үшін нарықтық орташа ұйғарымды баға бойынша, акция сатып алу туралы хабарлама (шешім) күнінен бұрынғы күнгі мәміле бойынша есептесу «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – Биржа) жасасқан осы Әдістемеде белгіленген тәртіпте жүргізілуі мүмкін.

27. Соңғы 60 күнтізбелік күн үшін нарықтық орташа ұйғарымды баға орналастырылған акцияны сатып алу туралы хабарлама (шешім) күнінен бұрынғы күнгі есептесу формуласы бойынша:

$$C_{срв} = (C_1 * A_1 + \dots + C_n * A_n) / 60$$
, бұнда

$C_{срв}$ - соңғы 60 күнтізбелік күн үшін нарықтық орташа ұйғарымды баға орналастырылған акцияны сатып алу туралы хабарлама (шешім) күнінен бұрынғы күнгі;

шім
осы
шім
нда
се)
ар
ім
на
ыс
ге
эн
м
ті
і
н
а
с

С – сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі ережесіне сәйкес есептелетін ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында қалыптасқан кезеңдегі нарықтық құн. Бағалы қағаздар бағасының нәтижесі апта сайын Биржаның интернет-ресурсында бірінші жұмыс күні жарияланады.

А – соңғы 60 күнтізбелік күн үшін орналастырылған акцияны сатып алу туралы хабарлама (шешім) күнінен бұрынғы күнгі осы бағаға сәйкес күн саны.

28. Банктің бастамасы бойынша және акционердің талап етуі бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу акция сатып алу туралы Банктің Директорлар кеңесінің шешім қабылдау күнгі жағдайы бойынша ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында қалыптасқан нарықтық құн бойынша жүргізілуі мүмкін. Бұл кезде сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі ережесіне сәйкес есептелетін акция бағасы нарықтық баға болып есептеледі. Бағалы қағаздар бағасының нәтижесі апта сайын Биржаның интернет-ресурсында бірінші жұмыс күні жарияланады.

29. Банктің бастамасы бойынша және акционердің талап етуі бойынша орналастырылған акцияларды сатып алу Қазақстан Республикасы заңнамасының екінші деңгейлі банктер үшін пруденциалдық норматив талаптарын сақтай отырып Банктің меншікті капитал мөлшерін ескере отырып белгіленген баға бойынша жүргізілуі мүмкін».

30. Осы Әдістеме акционерлердің жалпы жиналысында оны бекіткеннен кейін күшіне енеді.

31. Осы Әдістемемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі».

Басқарма Төрағасы

Д. Жақсыбек


«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі»
Республикалық мемлекеттік мекемесі

ТІРКЕДІ

2014 ж. « 0209 »

Процито и пронумеровано
12 листа (ов).

И.о. Председателя Правления



Б. Бекмалғев

М. Бекмалғев



ЦЕСНАБАНК

**Изменения и дополнения в
Проспект выпуска акций
акционерного общества
«Цеснабанк»
(АО «Цеснабанк»)**

1. Пункт 3 раздела I «Общие сведения об акционерном обществе» изложить в следующей редакции :

3. Сведения о государственной регистрации (перерегистрации) эмитента: Справка о государственной перерегистрации юридического лица от 26.12.03г. Министерство юстиции Республики Казахстан (внесены изменения и дополнения 19.05.14г.)

2. Пункт 5 раздела I «Общие сведения об акционерном обществе» изложить в следующей редакции :

5. Сведения о месте нахождения эмитента, номерах контактных телефонов и факса, адрес электронной почты:

Местонахождение	Республика Казахстан, 010000, г. Астана, район Есиль, ул. Сығанақ, д. 24
Коммуникационные реквизиты	Тел.: (7172) 77-02-01, факс: (7172) 77-01-95 Официальный web сайт: www.tsesnabank.kz , e-mail: tsb@tsb.kz

3. Пункт 39 раздела VII «Дополнительные положения» изложить в следующей редакции:


39. Информация для инвесторов: с копией Устава Банка, проспектом выпуска акций, с изменениями и дополнениями в эти документы, с отчетами об итогах размещения акций инвесторы могут ознакомиться в Головном офисе Банка по адресу: г. Астана, район Есиль, ул. Сығанақ, д. 24. Публикация информации о деятельности Банка осуществляется посредством размещения на интернет – ресурсе АО «Казахстанская фондовая биржа» (www.kase.kz) и Депозитария финансовой отчетности (www.dfo.kz).

Председатель Правления

Д. Жаксыбек

Главный бухгалтер

Н.Багаутдинова





**«Цеснабанк» акционерлік қоғамының
(«Цеснабанк» АҚ)
Акция шығарылымының анықтамалығына
өзгерістер мен толықтырулар**

1. «Акционерлік қоғам жөніндегі жалпы мәлімет» атты I бөлімнің 3 тармағы келесі редакцияда баяндалсын:

3. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәлімет: Анықтама заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 26.12.03ж. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі (19.05.14ж. өзгертулер мен толықтырулар енгізілді)

2. «Акционерлік қоғам жөніндегі жалпы мәлімет» атты I бөлімнің 5 тармағы келесі редакцияда баяндалсын:

5. Эмитенттің орналасқан жері, байланыс телефондары мен факс нөмірлері, электронды пошта мекенжайы туралы мәліметтер:

Орналасқан жері	Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Есіл ауданы, Сығанақ к-сі, 24
Коммуникациялық деректемелер	Тел.: (7172) 77-02-01, факс: (7172) 77-01-95 Ресми web сайты: www.tsesnabank.kz , e-mail: tsb@tsb.kz

3. «Қосымша ережелер» атты VII бөлімінің 39-тармақшасы келесі редакцияда берілсін:


39. Инвесторларға арналған ақпарат: Банк Жарғысының көшірмесімен, акция шығарылымы анықтамалығының және осы құжаттарға өзгерістер мен толықтырулардың көшірмесімен, акцияларды орналастырудың қорытындысы жөніндегі есептердің көшірмесімен инвесторлар Банктің мына мекенжай бойынша орналасқан Бас офисінде таныса алады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 24. Банк қызметі туралы ақпараттың жариялануы «Қазақстан қор биржасы» АҚ (www.kase.kz) және Қаржы есептемесі депозитарийінің (www.dfo.kz) интернет-ресурстарында орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Басқарма Төрағасы

Д. Жаксыбек

Бас бухгалтер

Н.Багаутдинова




«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі»
Республикалық мемлекеттік мекемесі

ТІРКЕДІ

20 ж. « 02 09

Процито и пронумеровано
4 листа (ов)

Председатель Правления
Главный бухгалтер



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21 үй
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

050040, г. Алматы, Көктем-3, дом 21
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

0209/14 № 33-3-02/2109

АО «Цеснабанк»

010000, г. Астана,
ул. Сыганак, 24
тел.: (7172) 770-177

На исх. № 8069 от 05.08.14г.,
№ 8802 от 21.08.14г.

**О регистрации изменений
в проспект выпуска акций**


Национальный Банк Республики Казахстан зарегистрировал изменения и дополнения в проспект выпуска акций акционерного общества «Цеснабанк» (далее – Общество), осуществил замену свидетельства о государственной регистрации выпуска акций в связи с изменением места нахождения Общества и направляет указанное свидетельство и два экземпляра изменений и дополнений в проспект выпуска акций с отметкой о регистрации.


Заместитель Председателя

 Кожаметов К.Б.

Исполнитель: Стамбекова Г.А., тел.: (727) 278-81-04 (1086)

№ 0057273





СВИДЕТЕЛЬСТВО

о государственной регистрации выпуска ценных бумаг

02.09. 2014 года

г. Алматы

A3382

Национальный Банк Республики Казахстан произвел замену свидетельства о государственной регистрации выпуска объявленных акций акционерного общества «Цеснабанк» (Республика Казахстан, 010000, город Астана, район Есиль, ул. Сығанак, д. 24), перерегистрированного Комитетом регистрационной службы и оказания павовой помощи Министерства юстиции Республики Казахстан 26 декабря 2003 года за № 4078-1900-АО.

Выпуск разделен на 77.500.000 (семьдесят семь миллионов пятьсот тысяч) **простых акций**, которым присвоен национальный идентификационный номер **KZ1C33820016** и 2.500.000 (два миллиона пятьсот тысяч) **привилегированных акций**, которым присвоен национальный идентификационный номер **KZ1P33820112**.

Выпуск внесен в Государственный реестр эмиссионных ценных бумаг за номером **A3382**.


По состоянию на 25 июля 2014 года размещено и оплачено 41.300.000 (сорок один миллион триста тысяч) простых акций и 2.500.000 (два миллиона пятьсот тысяч) привилегированных акций. Уставный капитал сформирован в размере 56.340.000.000 (пятьдесят шесть миллиардов триста сорок миллионов) тенге.

Свидетельство заменено в связи с изменением места нахождения общества.

Заместитель Председателя



Кожаметов К.Б.



**Бағалы қағаздардың шығарылымын
мемлекеттік тіркеу туралы
КУӘЛІК**

2014 жылғы 02.09.

Алматы қ.

A3382

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінде 2003 жылғы 26 желтоқсанда 4078-1900-АҚ нөмірмен қайта тіркеген «Цеснабанк» (Қазақстан Республикасы, 01000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сығанак к-сі, 24) акционерлік қоғамының акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу куәлігін ауыстырды.


Шығарылым **KZ1C33820016** ұлттық бірегейлендіру нөмірі берілген 77.500.000 (жетпіс жеті миллион бес жүз мың) жай акцияларға және **KZ1P33820112** ұлттық бірегейлендіру нөмірі берілген 2.500.000 (екі миллион бес жүз мың) артықшылықты акцияларға бөлінген.

Шығарылым Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне **A3382** нөмірмен енгізілген.

2014 жылғы 25 шілде жағдайы бойынша 41.300.000 (қырық бір миллион үш жүз мың) жай акциялар және 2.500.000 (екі миллион бес жүз мың) артықшылықты акциялар орналастырылды және төленді, жарғылық капитал **56.340.000.000** (елу алты миллиард үш жүз қырық миллион) тенге сомада қалыптасқан.

Куәлік қоғамның тұрған жерінің өзгеруіне байланысты ауыстырылды.

Төраға орынбасары



К.Б. Кожаметов
Кожаметов К.Б.